

«Пригород орта мектебі» КММ
Мектепшілік бақылау жұмысының жылдық есебі.
2023-2024 оқу жылы

Мектептің басқару қызметінің негізгі міндеті әкімшілік тарапынан мектепшілік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Мақсаты: мектептегі педагогикалық процестің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру.

2023-2024 оқу жылы Мектепшілік бақылау жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 [№ 248](#) бұйрығымен өзгерістер енгізілген.) негізімен құрастырылды.

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау.
2. Оқу процесінің сапасын бақылау.
3. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау.
4. Оқу-зерттеу қызметі.
5. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау.
6. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау.

Жоспар құрылымы:

- Бақылау тақырыбы
- Мақсаты
- Бақылау объектісі
- Бақылау түрі (тақырыптық, жалпылай, жеке, пәндік)
- Бақылау әдісі (бақылау жұмысы, әңгімелесу, құжаттармен жұмыс, есеп беру, тест алу)
- орындау мерзімі (жыл бойы, жарты жылда бір, ай сайын, апта)
- Жауапты (Мектеп директоры, ОІЖО, ТІЖО, ӘБЖ)
- Қарау орны (педкеңес, директор жанындағы отырыс, ТІЖО отырысы)

Оқу процесінің бақылау объектілері:

- оқу бағдарламаларын орындау;
- оқушылардың білім деңгейі мен дағдылары,
- мұғалім жұмысының өнімділігі,
- дарынды оқушылармен жеке жұмыс,
- сыныптан тыс сабақ жұмысының сапасы,
- оқушылардың өзіндік таным әдістерінің дағдылары.

Оқу жұмыс жоспары Үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылып жасалды.

Бақылаудың барлық бағыттары бойынша әрбір айға нақты іс-шаралар жоспарланды және әрбір бақылаудың нәтижелері бойынша есептер, анықтамалар, ақпарат және т.б. жасалды.

Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау бағытындағы барлық жоспарланған жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып, уақытылы анықтамалар жазылып, жинақталды.

Оқу процесінің сапасын бақылау бағытында оқу пәндерін оқытудың жай-күйін бақылауды жүзеге асыру бойынша мектеп әкімшілігі білім беру стандартының іске асырылуын, білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында «0» - дік кесінділер жүргізіп, сабақтарға қатысып пәндердің берілуін зерделеп, І тоқсан қорытындысы бойынша

білім сапасының көрсеткіші төмен сыныптармен жұмыстар және бейімделу жұмыстары жүйелі жүргізілді. Сонымен қатар сыртқы бағалау критерийлері бойынша білім беру деңгейін (ББЖМ, PISA, PIRLS, ҰБТ) анықтау мақсатында тестілік жұмыстар жүргізілді.

2-4 сыныптарда оқушылардың оқу шапшаңдығын І жарты жылдықта 40-80 сөз болса, ІІ жарты жылдықта 60-100 сөз оқылу керек. Нормаға жетпей отырған оқушыларға үйге берілген тапсырманы көп оқу және кітапханадан көбірек кітап алып оқу керектігі ескертілді. Оқушылармен көп жұмыс жасау керектігі айтылды. Оқу шапшаңдығына жетпеген оқушылармен жұмыс жүргізу сынып жетекшісіне тапсырылды.

2-4 сынып оқушыларының дәптерлерінің жүргізілуі. Бастауыш кластарда 2-4 кластарының математика, қазақ тілі пәндерінің дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі және дәптердің уақытылы тексерілуі тексерілу сапасын, біріңғай орфографиялық талаптарының сақталуын тексерілді.

ІІ тоқсан бойынша БЖБ, ТЖБ талапқа сай, нақты жүргізіліп отырды. Мақсаты: пән мұғалімдерінің БЖБ және ТЖБ жұмыстарын стандартқа сай жүргізуі, оқушы білімін әділ бағалауын және Bilim.class сайтымен сәйкес келуін қадағаланды. Оқу жылының аяғында бірлестік отырысын жасап, І, ІІ, ІІІ, ІV-тоқсандағы жиынтықтарын тексеріп, қорытынды жасалды.

Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау білімдегі олқылықтардың орнын толтыру үшін үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарларын жүзеге асырып, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп, 4,8,9-сыныптардағы функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында оқу дағдыларындағы кемшіліктерді айқындау үшін байқау тест жұмыстары алынып, өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары жүргізілді.

Оқу-зерттеу қызметі бойынша Оқу-зерттеу қызметі бойынша «Зейін» оқушылардың ғылыми қоғамының жоспарына сай тоқсан сайын отырыс өткізіліп оқушылар ғылыми байқауларға белсене қатысты.

Мектеп бойынша 2 – 11 сынып оқушыларының аралығында барлығы 90 дарынды оқушы бар. Қабілетті және дарынды балалар туралы деректер банкін толықтыру ай сайын жүргізілді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми байқаудың облыстық кезеңіне 7 жұмыс сараптама кезеңіне жіберілді. Оның ішінде 1 жұмыс информатика секциясы бойынша сараптамадан өтіп жұмысын қорғады. 24.11.2023 ж. күні өткізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының екінші (облыстық) кезеңінде информатика секциясы бойынша 10 “А” класс оқушысы Сагиев А. 3 жүлделі орын иеленді. Жетекшісі: Туркменбаева А.А.

2-7 класс оқушылары арасындағы республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді. Мектепішілік кезеңге 11 жоба қатысып, оның ішінде 10 жоба байқаудың қалалық кезеңіне қатысты. Соның ішінде 2 жұмыс жүлделі орынға, 2 жұмыс алғыс хатқа ие болды.

ІІ орын -1

ІІІ орын -1

Алғыс хат – 2

Облыстық кезеңде 1 жұмыс Алғыс хат иеленді.

№	Оқушылардың аты-жөні	Класы	Жобаның бағыты	Жобаның атауы	Жетекшісі	Қалалық кезең	Облыстық кезең
1	Шонайбай Н. Мухиатдинов а М.	3 А 4А	Математика	"Есептей білсең үнемдей білесің"	Жұрманова Ж.Т., Махамбетова Ж.А.	Алғыс хат	-

2	Хамза К. Жанбатырқызы А.	4 "А" 4 "А"	психология	"Қазіргі телефон ойындарының балаға әсері"	Махамбетова Ж.А., Сисенгалиева Б.М.	ІІІ дәрежелі диплом	-
3	Дабыл М. Лобец А.	3 "Б" 4 "Б"	химия	Лаборатория на молочной кухне	Нурлыбаева Ж.Т., Киченок О.В.	ІІ дәрежелі диплом	Алғыс хат
4	Танжарова А.	6 "Ә"	русский язык и литература	"Книга; вчера, сегодня, завтра"	Кусаинова Г.К.	-	-
5	Жұма Н.	7 "А"	Химия	Халал шұжық өнімдерінің химиялық құрамы	Кожағалиева З.С., Парай Л.Р.	Алғыс хат	-
6	Төлеуғалиев Б. Сәрсенбай Н.	7 "А"	Экология	Пригород елді мекені ауыз суының ластануы және алдын алу жолдары.	Нурбаева М.К., Сакауова Р.А.	-	-
7	Шонайбай Ш. Еңсепбай Б.	6 "Ә"	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Менің атым Қожа" повесіндегі Қожа бейнесі мен қазіргі заман балалары	Байдовлетова Б.С., Өтепова А.Б.	-	-
8	Дабыл А. Қуантаева А.	7 "А"	Ағылшын тілі	"Incoming words from English"	Жанбаева Ж.К., Үкібаева А. А.	-	-
9	Баянғали А.	7 "А"	Информатика	Кибербуллинг	Туркменбаева А.А.	-	-
10	Кәмел А. Самат А.	7 "А" 7 "А"	Этномәдениеттану	"Сайын Мұратбеков шығармаларындағы балалар бейнесі"	Байдовлетова Б.С., Өтепова А.Б.	-	-

2023 жылдың 15 қараша күні «Әдістемелік кабинет» КММ, М.Ғабдуллин атындағы № 70 ЖОББМ де «Батырлардың тұлғасы, ғалымдардың жүйрігі» қалалық ғылыми конференциясына 10 "А" класс оқушысы Сағиев А., 11 "А" класс оқушылары Сқақова К., Орынбасарова А. қатысып сертификат иеленді. Сағиев А. ІІІ орынға ие болды. Жетекшісі: Өтепова А.Б.

"Шежірелі өлкемнің тарландары" тақырыбында өткізілген зерттеу шығармалары және мақала байқауының қалалық кезеңінде 11 «А» класс оқушысы Байтұре И. «Алғыс хат»

иеленді. Жетекшісі: Кадырова А.Е.

17.04.2024 ж. күні «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми – тәжірибелік қосымша білім беру орталығы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті 7-11 сынып оқушыларына арналған «Өңірді дамыту драйверлері» атты ғылыми және кәсіпкерлік жоба байқауын өткізді. Байқауға 5 оқушы қатысты.

II орын -1 оқушы

III орын -1 оқушы

«Алғыс хат» – 3 оқушы

№	Қатысушының аты-жөні	Ұсынған жобасының тақырыбы	Сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні	Орны
1	Жұма Н.	Ақтөбе облысының экологиясы	7	Кожағалиева З.С.	Алғыс хат
2	Жайлыбай Ж.	«Тіл мәселесінің түпкі себебі неде?»	8	Саматқызы А.	III орын
3	Сагиев А.	Өңірдегі цифрландыру және IT дамыту	10	Туркменбаева А.А.	Алғыс хат
4	Сқақова К.	«Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде»	11	Өтепова А.Б.	Алғыс хат
5	Орынбасарова А.	«Ақтөбе облысындағы петроглифтер»	11	Кадырова А.Е.	II орын

29.04.2024 ж. күні «Әдістемелік кабинет» КММ «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы Орталығы» 5- 11 класс оқушылар арасында Ақтөбе қаласының 155-жылдығына арналған қалалық «Менің кіші Отаным» атты оқушылардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жоба байқауын өткізді. Байқауға 2 оқушы қатысып жүлделі орындар иеленді.

№	Қатысушының аты жөні	Мектебі, класы	Байқау бағыты	Жұмыстың тақырыбы	Жетекшісі, байланыс номері	Орын
1	Абдуллина Жанель	«Пригород орта мектебі» 6 класс	Туған Ақтөбенің бір бөлігі	«Ғажайып өңір – Ақтөбе»	Байдовлетова Б.С. 87053832676	III
2	Танжарова Айым	«Пригород орта мектебі» 6 класс	Туған Ақтөбенің бір бөлігі	«Менің өлкем – Пригородный»	Туркменбаева А.А. 87053984683	II

Қазақстан Республикасының оқу –ағарту министрлігі «Балдәурен» Республикалық оқу –сауықтыру орталығы «Тарихыңды таны - тұлғанды ұлықта» атты Республикалық қашықтықтан ғылыми жоба байқауын өткізді. Байқауда 8 “А” класс оқушылары Исаева Қ., Жолданова М. жүлделі III орын иеленді. Жетекшісі: Кадырова А.Е. алғыс хатпен марапатталды.

Ғылыми жобаларда ғылыми жаңалығы, ғылыми нысаны және мақсат-міндеттері белгіленуде кемшіліктер кездесті. Кейбір жұмыстарда алынған тақырып өмірмен байланысқан, күнделікті өмірде қарапайым үйде қолданатын реактивтер арқылы тамақ өнімдерін сараптамадан өткізіп, бастапқы табиғи немесе жасаңды тағамдарды ажырату болды.

Ғылыми жобаларда көрнекіліктер пайдаланылды. Жұмыста диаграмма, сауалнамалар, кестелер, болды ал дәлелдейтін фотосуреттер жеткіліксіз болды. Пайдаланған әдебиеттер тізімін рәсімдеген кезде де қателер кездесті.

Аталған кемшіліктерді түзету мақсатында "Зерттеу жұмысына қойылатын талаптар" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Алдағы уақытта ғылыми жұмыс құрылымы (кіріспе, мазмұны, эссе, аннотация, ғылыми жетекшісінің шолуы, мақсаты,мәлімет, негізгі мазмұны, қорытынды, қолданылғын әдебиеттер тізімі) бойынша тағы да ізденіп, жұмысты толықтырып алдағы өтетін байқауларға қатысу ұсынылды.

Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау бағыты бойынша оқу жылы басында педагог қызметкерлердің ҰМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасы қаралып, мектеп басшылығына бекітілді. Мұғалімдердің жаңа технологияларды қолдану деңгейін анықтау үшін «LESSON STUDY» зерттеу сабақтары 3,7,10 сыныптарда ұйымдастырылып жүргізілуде. Зерттеу сабағы барысында бағалау критерийлерін пайдалану, тапсырмаларға дескрипторларды дұрыс құрастыра білу деңгейлері анықталды. Педагогтердің инновациялық тәжірибесін енгізу, тарату тиімділігін бағалау мақсатында мұғалімдер конференцияларға қатысып, республикалық, облыстық газет журналдарға мақалалар жариялады. Мұғалімнің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, әдістеме бірлестіктердің онкүндіктер өткізілді.

Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау үшін тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алып, тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды. Сынып жетекшілердің біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарын іске асыру мақсатында оқыту семинары өткізілді. Белгіленген шара барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілері «Ата –аналар жиналысын өткізу тәсілдерімен» бөлісті. Жас сынып жетекшілерге бағыт-бағдар бере отырып, ата-аналармен атқарылатын жұмыстың барысы түсіндірілді. Ата-аналарға жиналысты дәстүрлі форматтан тыс, түрлендіріп өткізу барысы іс-әрекет жүзінде көрсетілді.

Сонымен қатар сынып сағатын ұйымдастырудағы мынадай міндеттер басшылыққа алынды. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сынып сағаттарының тақырыптарын таңдап алынды. 10-11 жастағы 5 сынып оқушыларына кейбір күрделі тақырыптарды өткізуде қиындықтар туындайды, өйткені ол жастағы оқушылар бұл материалды қабылдауға таным түсінігі жетпейді. Мысалға, «Діни экстримизм» тақырыбында, «Мамандық таңдау» т.б. 5 сынып оқушыларына мысалы мынадай тақырыптарды алуға болады: «Дін туалы білесің бе?», «Мен өскенде кім боламын?»- деген тақырыптар, бұл жас ерекшеліктегі оқушыларға тез ұғынады. 14-15 жастағы яғни 8-9 сынып оқушыларына мысалы, «Діни экстримизм», «Мамандық таңдау» — тақырыптарында сынып сағаттарын өткізуге болады. 14-15 жастағы оқушылар бұл тақырып туралы мазмұнды теледидар, ғаламтор т.б сол сияқты ақпарат көздерінен білді. Сынып сағаттарының мақсаттары қол жетімді «SMART» (ақылды) болуы шарт. Берілетін материал балаға қол жетімді мақсатта болуы керек. Оларға: Сынып сағаты бала ұғымына сай болуы керек.

Бала оны өмірде қолдана білуі керек.

Қоршаған ортада болып жатқан оқиғадан алу керек.

Сынып сағаттарын өмір тәжірибесінен алуы керек.

Оған көмек баспа сөз материалдары, кино немесе түрлі видео

материалдар. Сынып сағаттарын тиімді әрі қол жетімді болу сынып жетекшінің уақытын үнемдейді. Әр сынып жетекші сынып сағаттарын ұйымдастыра отырып, балаға дұрыс жолды көрсете алды.

Демалыс уақыттарында оқушылардың уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында сынып жетекшілердің жоспарлары құрылып, сол жоспарға сай жұмыстар жүйелі жүргізілді. Құқық бұзушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, бұзақылықтың алдын алу бойынша сынып жетекшілерінің қызметін бақылау мақсатында мектептегі тәрбие процесін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінді. Ол үшін сынып жетекшілерінің әдістемелік кеңестері, педагогикалық ұжыммен кеңестер өткізілді. Жұмыс нәтижесімен педагогтар алдын алу кеңесінде, директор жанындағы жиналыстарда, мектептің педагогикалық кеңесінде есеп берді.

Мектепте 1-11 сынып оқушыларын, олардың ата-аналары мен педагогикалық ұжымдарын құқықтық оқыту жұмысы ұйымдастырылған. Осы мәселе бойынша жоспарлы жұмыс оң нәтиже береді - оқушылар, ата-аналар мен педагогтар құқықтық сауаттылық мәселелерінен хабардар.

Балалардың құқық бұзушылығын алдын алу бойынша жұмыс мектеп әкімшілігінің ерекше бақылауында тұр. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері пайдаланылады: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, шағын аудан бойынша рейдтер, балалардың мектепке баруын күнделікті бақылауда.

Мектебімізде құқық бұзушылыққа барған, тәртіп бұзған, заңға қайшы әрекеттенген факт тіркелген жоқ. Ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықбұзушылық және қараусыздығын анықтау үшін жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, психолог және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірлесе отырып үздіксіз жұмыстар атқарылуда. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу қадағаланып отырды. Кейбір сабаққа келмей қалған оқушылардың ата-аналарынан себебі анықталды. Себепсіз көп сабақ босатқан оқушылар болған жағдайда ата-аналарға баласы туралы хабарламалар жолданылды.

Білім алушылардың сабақтан тыс қызметі аясында сабаққа қатысу есебін бақылау мақсатында мектеп те жүргізілетін үйірме жұмыстары бақыланды. Үйірме жұмысы-балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі ерікті, дәстүрлі балалар бірлестігінің кең тараған түрі. Үйірмелер алғашқыда өнерпаздар бірлестігі ретінде пайда болып, кейіннен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыс түрінде жүзеге асып отырды. Мектептегі «вокал», «шабыт», «домбыра» үйірмелерінің жұмыстары жүйелі өткізіліп, оқушылар толық қатысатындығы анықталды. Үйірме жұмыстарымен қатар спорттық секцияларда өткізіліп келеді. Мектепте футбол, жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол, шахмат секцияларыда өткізіледі. Секция жұмыстары жүйелі өткізілді.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында түлектердің еңбекке орналасу жағдайы бойынша анықтамалар жинақталды. 2022-2023 оқу жылы анықтама жинақтау барысында 27 түлек мектеп аяқтаған болса, оның 15 оқушы жоғарғы оқу орнына мемлекеттік грантын иеленсе, 2 оқушы колледж грантын иеленді. қалған түлектер ақылы оқу орындарына түсті. 2023-2024 оқу жылы 25 оқушы аяқтап отыр, оның 12 түлек мемлекеттік грантқа, 2 оқушы шетелге грантқа, ал қалған оқушы ақылы оқу орындарына түсті.

